

ЖШС «Бопай» балабақшасы



**«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы»
сайысы**

(«Бәйтерек» «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы)

Өткізген:

Тәрбиешілер: Дуйсебаева Г.А.

Дошманова Г.А.

Тажсекенова Г.Т.

Кабылова С.С.

Музыкант: Беріккалиева А.Н.

Ақтөбе 2024ж, ақпан айы

«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»

Максаты:Тәрбиеленушілерді мақал-мәтелдер арқылы адамгершілікке, адалдыққа, ойын нақты дұрыс жеткізуге, жұмбақтар арқылы тапқырлыққа, жаңылтпаштар арқылы ойын, тілін дамытуға, алғырлыққа үйрету.

Міндеттері:Сөз өнері арқылы балалардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:Бүгін біздің балабақшамызда өтетін «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қош келдіңіздер. Балалардың бойындағы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мақсатында, балалардың халықауыз әдебиетінің үлгілерін кәдірлей білуінің мақсатында біздер мектепалды «Жұлдыз» тобы мен «Бәйтерек» тобының тәрбиеленушілері араларында өтетін «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты іс-шарамызды бастаймыз.

Жүргізуші:Алдымен мақал - мәтел дегеніміз не? Қысқаша тоқталып өтсек: Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Мақалда қорытынды тұжырымды түйін айтылады. Айтылар ой нақты толық жеткізіледі. Мысалы: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақалда елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр.

Ал, мәтелде ой тікелей білдірмей тұспалдап, жанамалап айтылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той». Мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама деген сөз тұспалдап айтылып тұр.

1 - бөлім: «Кім жылдам?» (кім көп мақал-мәтел біледі? Мақал-мәтел айтып жарысу)

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі-жұмбақтар. Жұмбақтар заттың өзін айтпай, оның түр, түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырып ұстайды.

2– бөлім: «Кім тапқыр?»- жұмбақ шешу.

1/.Үй ішін аралап

Қаптарды жарып,

Түнде көп жортады,

Мысықтан қорқады (тышқан)

2/.Еріксе, құйрығымен ойнайды,

Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (мысық)

3/.Ақ жібек асыл көрпедей,

Қыс болса жерді жабады,

Жазғытұрым болғанда

Су болып сайға ағады. (қар)

4\..Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса аттама. (кітап)

5\ Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсең жылатады .(пияз)

6\ Қара сиырым қарап тұр,

Қызыл сиырым жалап тұр. (қазан мен от)

7\ Дәмін татсаң-тәтті-ақ,

Түсін көрсең-әппақ.(қант)

8\ Қолы бар,

Саусағы жоқ.

Мойны бар,

Басы жоқ. (көйлек)

9\ Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (күн)

10\ Жаңбыр жауып басылды,

Аспан шайдай ашылды.

Қызыл, сары, жасылды,

Көкте бір зат асылды. (кемпірқосақ)

3- бөлім: Жаңылтпаштар айтудан жарыс:

Шеше, шеше,

Неше кесе сынды кеше.

Есет атам ет асатар,

Ет асатса бес асатар.

Тақпақ жатта

Жатқа жатта.

Тұз-мұздай,

Мұз-тұздай.

4 бөлім: Суретке қарап , мақал-мәтелдерді табайық.

5. Қорытындылау



